

М. Мұратқызы

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

 <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>

email: muratkzymira434@gmail.com

А.А. Әбсадық

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

 <https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>

email: absalmas@mail.ru

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТЕКТЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҒҰРЫПТЫҚ
ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ШАШҚА ҚАТЫСТЫ ӨТПЕЛІ ҒҰРЫПТАР**

Аңдатпа. Мақалада қазақ және түркі тектес халықтардың ғұрыптық фольклорындағы шашқа қатысты өтпелі ғұрыптар этнолингвистикалық және мәдени-семиотикалық аспектіде кешенді түрде талданады. Зерттеудің мақсаты – ғұрыптық фольклор мәтіндеріндегі шашқа байланысты тілдік бірліктердің семантикалық құрылымын, ассоциативті өрісін және ұлттық дүниетанымдағы мәдени код ретіндегі қызметін анықтау. Этнолингвистикалық тұрғыдан шаш концептісі халықтық танымда әлемдер арасындағы байланыстырушы медиатор, жан мен өмірлік энергияның мекені, күш-қуаттың, сұлулық пен денсаулықтың, әлауқат пен абыройдың, жас ерекшелігі мен отбасылық мәртебенің символы ретінде қарастырылады. Зерттеу материалдары ретінде аңыздар, ертегілер, сынсу, беташар, жоқтау мәтіндері, сондай-ақ мақал-мәтелдер, тыйым сөздер мен этнографиялық деректер алынды. Бұл дереккөздер шашқа қатысты ғұрыптық әрекеттердің (шаш өру, шаш сипар, шаш жаю, шаш тарқату, шаш тұлдау) адамның өмірлік цикліндегі өтпелі кезеңдерді (бойжеткендік – келіндік – жесірлік) рәсімдеудегі тілдік және символдық қызметін ашуға мүмкіндік береді. Мақалада «шаш өру – шаш сипар – шаш жаю» ғұрыптық үштігі құрылымдық-функционалдық модель ретінде қарастырылып, оның әрбір компонентінің семантикалық жүктемесі мен прагматикалық қызметі айқындалады. Этнолингвистикалық талдау нәтижесінде шашқа қатысты тілдік бірліктердің мінез-құлық нормаларын реттеуші, әлеуметтік мәртебені айқындаушы және тағдырлық ұғымдарды вербалдайтын мәдени-тілдік механизм қызметін атқаратыны дәлелденеді. Салыстырмалы материалдар негізінде түркі тектес және славян халықтарының фольклорындағы шашқа қатысты ғұрыптардың ортақ архаикалық дүниетанымнан бастау алатыны көрсетіледі.

Түйінді сөздер: ғұрыптық фольклор; шаш өру; шаш жаю; өтпелі ғұрыптар; үйлену ғұрпы; жоқтау

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 10.01.2026

Баспаға қабылданған мерзімі: 10.03.2026

Кіріспе

Фольклор – архаикалық дүниетаным мен көне мәдениеттің көрінісі әрі тарихи-рухани мұра. Ежелгі кезеңдерде қалыптасқан ырым-тыйымдар, ғұрыптық әрекеттер, діни наным-сенімдер мен мифологиялық түсініктер фольклордың құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені олар сол дәуір адамдарының ауызша таралған танымдық әңгімелерімен және тәжірибелік ғұрыптық іс-әрекеттерімен тікелей байланысты. Осы орайда, ырымдар мен ғұрыптар, мифтер мен діни ұғымдар алғашқы қауым адамының дүниені тану үдерісінде қалыптасқан рухани тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Дәстүрлі дүниетанымда адамға зиян келтірудің тиімді тетігі ретінде оның шашына ықпал ету айрықша аталады. Сол себепті шашқа қатысты ғұрыптар, тыйымдар мен магиялық әрекеттер тұлғаның рухани тұтастығына бағытталған символдық ықпал ету формасы ретінде қалыптасқан. Шашқа байланысты ғұрыптар мен наным-сенімдерді этнолингвистикалық аспектіде қарастыру тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ғана емес, халықтың архаикалық дүниетанымын, рухани құндылықтар жүйесін және тарихи жадысын кешенді түрде тануға жол ашады (Bahar, et al., 2023, б. 153).

Осы зерттеуде ғұрыптық фольклор мәтіндері тілдік дереккөз ғана емес, белгілі бір мәдени қауымға тән концептуалдық жүйені бейнелейтін семиотикалық кеңістік ретінде қарастырылады. Этнолингвистикалық бағыттардың теориялық қағидаттарына сүйене отырып, шашқа қатысты ғұрыптар мен оларға байланысты тілдік бірліктер халықтық сананың мәдени концепт ретінде қалыптасқан үлгілерін танытатын құрылымдар деп пайымдалады. Бұл тұрғыда шаш ұғымы тек дене мүшесінің атауы емес, әлеуметтік мәртебе, сакралдылық және өтпелілік семантикаларын біріктіретін көпқабатты мәдени концепт ретінде сипатталады (Gicala, 2024, б. 80).

Ғылыми деректерде қазақтардың тұрмыс-салт тәжірибесінде шаштың магиялық мәні ерекше бағаланғаны көрсетіледі. Зерттеуші Р. Карутц еңбектерінде ауыр толғақ кезінде босанғалы жатқан әйелдің алдында қылды немесе шашты тұтату ғұрпы орындалатыны атап өтіледі. Бұл әрекет әйелді жын-шайтаннан, тылсым зиянды күштерден қорғауға бағытталған ғұрыптық-магиялық амал ретінде түсіндіріліп, қазақ дүниетанымында жануар сүйектерінің де сакралды, магиялық қуатқа ие деп қабылданғанын көрсетеді. Аталған деректер шаштың, қылдың және сүйектің қазақтың архаикалық дүниетанымында қорғаушы әрі тылсым күшпен байланыс орнатушы ритуалдық нысан ретінде танылғанын айғақтайды (Карутц, 1911, б. 126).

Мысалы, қазақ ертегілерінде де шаш, жүн, құстың қауырсыны да магиялық күшке ие. Бұл заттар қаһарманның ерекше еңбегі арқылы иеленетін, магиялық күшке ие ғұрыптық белгілер ретінде сипатталады. Самұрық (кейде Қаракұс) туралы ертегілерде алып құс қаһарманға балапандарын құтқарғаны үшін қауырсынын сыйға тартады. Қауырсын қауіп-қатер төнген сәтте тұтатылып, Самұрықты

шақыратын киелі құрал қызметін атқарады. Осы мотив ертегілерде адам мен киелі күш арасындағы тылсым байланысты, сондай-ақ шаш, қауырсын және жүннің магиялық-ғұрыптық мәнін танытады (Қасқабасов, 2009, б. 32).

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында шаш пен түк, жіп байлау сакралды мәнге ие болып, айрықша жаратылыс пен батырлықтың белгісі ретінде қабылданған (Muratkyzy, et al., 2025, б. 183). Бұл түсінік «жүрегінің түгі бар» сияқты тұрақты тіркестерде сақталған сынды. Фольклорлық мәтіндерде қаһармандардың ерекше шашпен бейнеленуі (Албасты, Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір т.б.) олардың тылсым қуатын, әлеуметтік мәртебесін танытады. Шаш магиялық күштің нышаны саналып, оны жоғалту адам тағдырына қауіп төндіретін белгі ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, шаш ғұрыптық фольклорда адамның рухани болмысы мен өмірлік қуатын бейнелейтін маңызды символдық код болып табылады. Фольклортану ғылымында әлеуметтік-мәдени өзгерістер «өтпелі ғұрыптар» ұғымымен сипатталады (Геннеп, 2002, б. 26). Өтпелі ғұрыптар жеке тұлғаның әлеуметтік, жыныстық және отбасылық мәртебесінің ауысуымен байланысты маңызды кезеңдерді рәсімдеп, оны қауым тарапынан заңдастыру қызметін атқарады. Мұндай ғұрыптарда өзгеріс тек биологиялық немесе тұрмыстық деңгейде емес, символдық әрі мәдени тұрғыдан да бекітіледі. Қыздың ұзатылар алдындағы жылауы, қоштасу жырлары, бас киімінің ауысуы сияқты әрекеттер өтпелі ғұрыптың көркем әрі рәміздік белгілері ретінде танылады. Бұл рәсімдер арқылы қыздың бойжеткендік мәртебеден келіндік мәртебеге өтуі айқындалып, жаңа әлеуметтік рөлі бекітіледі. Жинақталған материалдарда тұрмысқа шығатын қыздың шашының арнайы өріліп, салтанатты түрде ұзатылуы осы өтпелі кезеңнің ғұрыптық көрінісі ретінде сипатталады. Ал жоқтау рәсімдерінде шашты жаю әрекеті де мәртебелік өзгеріспен байланысты «өтпелі ғұрыптың» белгісі ретінде көрініс табады. Дәстүрлі таным бойынша аза тұту рәсінде марқұмның әйелдері мен жақын туыстарының (анасы, апа-қарындастары, қыздары, келіндері) шашын тарқатып, бүйірін таянып, бетін тырнап, үздіксіз жоқтау айтуы – қазақтың жерлеу-аза ғұрпының маңызды бейвербалды компоненттерінің бірі болып саналады. Аталған көне түсініктердің қазақ дәстүріндегі жалғастығы әйелдердің аза тұту кезінде айтатын «басым қаралы, бетім жаралы» секілді тұрақты формулаларынан айқын аңғарылады. Бұл рәсім барысында қаралы әйелдер тек өздері ғана емес, көңіл айтуға келген әйелдер қауымымен бірлесе жылап-сықтап, ұжымдық қайғыны сыртқа шығарады. Ғұрыптық әрекеттің бір белгісі ретінде марқұмның туған қыздары мен әйелінің шашын әдейі тарқатып, аза мерзімі аяқталған соң, яғни жетісі өткеннен кейін қайтадан өріп беру салты атқарылады. Аталған әрекеттердің барлығы белгілі бір уақытша шектеумен орындалып, азаның символдық аяқталуын білдіреді. Зерттеу жұмысында шаш пен қанның адам өмірінің негізгі тіршілік элементтері ретінде қабылданып, марқұмның жанын «қайта тірілтуге» немесе оны о дүниеге аман-есен аттандыруға бағытталған символдық құрбандық қызметін атқарғаны қарастырылады. Бұл бағытта тіл тілдік емес факторлармен (тарихи, әлеуметтік, мифологиялық) өзара байланыста қарастырылып, олардың тілдік бірліктердің семантикасы мен мәдени мазмұнын қалыптастырудағы рөлі анықталады. Мұндай кешенді тәсіл ғұрыптық фольклор мәтіндеріндегі тілдік деректердің этномәдени мәнін терең ашуға негіз болады (Luvsantseren, 2024, б. 55).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде қазақ халқының ғұрыптық фольклорына қатысты мәтіндер пайдаланылды. Нақтырақ айтқанда, үйлену ғұрпы фольклоры, азалау фольклоры, шашқа қатысты ғұрыптық әрекеттер сипатталатын аңыздар, ертегілер, мақал-мәтелдер мен тыйым сөздер талдауға алынды. Негізгі мәтіндік дереккөздер ретінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 90-томы (Ғұрыптық фольклор) және 91-томы (Мұң-шер өлендері), Б. Уахатов еңбектеріндегі фольклорлық үлгілер пайдаланылды.

Этнографиялық дереккөздер ретінде А. Диваев (1900), Р. Карутц (1911), Н. Катанов (1899), А.И. Левшин (1832), А.Т. Төлеубаев (1991) еңбектеріндегі қазақ және түркі тектес халықтардың тұрмыс-салт ғұрыптарына қатысты сипаттамалар қолданылды.

Салыстырмалы материалдар базасын қырғыз, башқұрт, түрікмен, алтай, тувалық, моңғол және славян халықтарының ғұрыптық фольклор мәтіндері мен этнографиялық деректері құрады. Бұл дереккөздер шашқа қатысты өтпелі ғұрыптардың ортақ және этноспецификалық белгілерін айқындау мақсатында пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында этнолингвистикалық талдаудың кешенді әдістері қолданылды. Сипаттамалы-талдамалық әдіс арқылы шашқа қатысты ғұрыптық әрекеттердің (шаш өру, шаш сипар, шаш жаю, шаш тарқату, шаш тұлдау) фольклорлық мәтіндердегі мағыналық, символдық және прагматикалық қызметі анықталды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс қазақ және түркі тектес, славян халықтарының фольклорындағы шашқа қатысты ғұрыптарды салыстыра отырып, олардың ортақ архаикалық дүниетанымнан бастау алатын құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.

Құрылымдық-функционалдық әдіс негізінде «шаш өру – шаш сипар – шаш жаю» ғұрыптық циклі адамның өмірлік цикліндегі (бойжеткендік – келіндік – жесірлік) мәртебелік ауысулармен байланыста талданды. Бұл тәсіл шашқа қатысты ғұрыптардың әлеуметтік реттеуші, семиотикалық қызметін жүйелі түрде сипаттауға негіз болды. Аталған әдістер жиынтығы шашқа қатысты өтпелі ғұрыптарды ғұрыптық фольклордың тілдік және бейвербалды кодтары біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Үйлену ғұрыптарының кешенінде қалыңдықтың бұрымын тарқатып, оны екі өрімге бөлу рәсімі айрықша ғылыми қызығушылық тудырады. Кейбір деректер бойынша, бұл ғұрып қалыңдықты ұзатар алдында орындалса, енді бір мәліметтерде күйеу ауылына келгеннен кейін бірнеше күн өткен соң атқарылғаны көрсетіледі.

Қарастырылған ақпарат бойынша қыз ұзатылар кезде қалыңдықтың шашын маңдай тұсынан екіге жарып, екі бұрым етіп те өретін болған. Осы кезде анасы немесе әпке-жеңгелерінің бірі қолына тас алып «*сенің шашыңды мен жарған жоқпын, қара тас жарды*», – деген магиялық сөздер айтатын түсінік кездеседі. Қазақ қыздары бойжеткен кезеңінде шашын бір өрім етіп өрген, ал тұрмысқа шыққаннан кейін екі өрімге көшуі оның әлеуметтік мәртебесінің өзгеруін білдірген. Осылайша, некеден кейін қыз бұрымының екі еселенуі ерлі-зайыптылық өмірдің басталуын символдық тұрғыда айқындаған (Төлеубаев, 1991, б. 27)

*Құдайым қызды неге жаратады,
Қыз қылып қолаң шашын таратады.
Қыз да болсам, осы үйдің еркесі едім,
Қандай жанның қолына қаратады?*

Өрме шашым өріңіз, жылағанымды көріңіз.

Жылама десең, қояйын, оң батаңызды беріңіз! (Бабалар сөзі, Т.90, 2012, б. 151, 162).

Қос бұрымын тарқатпай,

Анасы өріп жөнелтті,

Ақ жол тілеп, оң сапар,

Қызын ұзатқалы келінті (Уахатов, 1974, б. 87).

Ұсынылып отырған сыңсу мәтінде қыздың өз тағдырына, әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне қатысты ішкі күйзелісі мен қоштасу сарыны анық байқалады. Бұл – өтпелі кезеңге тән психоэмоциялық халді бейнелейтін тұрақты фольклорлық мотив. «Қолаң шашын таратады», «Өрме шашым өріңіз» деген жолдарда шаш тек сыртқы бейне элементі емес, қыздың бойжеткендік кезеңін айқындайтын ғұрыптық белгі ретінде көрінеді. Дәстүрлі танымда шашты өріп ұзату – қыздың бұрынғы еркін, ерке мәртебесінен бас тартып, жаңа әлеуметтік ортаға өтуін рәсімдейтін символдық әрекет. Ал шашты тарату мен жылау – қоштасу, қимастық және белгісіз болашақ алдындағы психологиялық күйдің көрінісі. Мәтіндегі «жылағанымды көріңіз» деген өтініш ғұрыптық жылаудың міндетті сипат алғанын көрсетеді. Бұл жылау жеке эмоция ғана емес, қауым алдында орындалуы тиіс ғұрыптық әрекет ретінде қабылданған. Ал «оң батаңызды беріңіз» деген жол ғұрыптың аяқталу сәтін білдіріп, жылау арқылы өткерілген өтпелі кезеңнің бата арқылы бекітілетінін аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, берілген мысал шаш өру ғұрпының фольклорлық сарқыншақтары сақталған мәтін ретінде бағаланады. Онда қыздың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі, қоштасу рәсімі, жылау мен шашқа қатысты әрекеттер біртұтас ғұрыптық жүйе аясында көркем түрде бейнеленген. Бұл дерек шаш өру ғұрпының тек тұрмыстық дәстүр емес, терең әлеуметтік-мәдени мәнге ие фольклорлық құбылыс екенін дәлелдейді.

Ал, беташар мәтіндерінде шаш бейнесі келіннің сұлулығын сипаттаумен қатар, оның жаңа әлеуметтік мәртебесіне сай мінез-құлқын реттеуге бағытталған тәрбиелік мәнге ие. «Толқын шаш», «шашың жібек талмадай» тәрізді теңеулер арқылы келіннің көркі табиғаттағы әсем бейнелермен салыстырылып, жастық пен нәзіктік көркем түрде суреттеледі.

*Оймақ ауыз, қизаш қас,
Жазық маңдай, толқын шаш,
Құмырсқа бел, түйме бас.
Тал шыбықтай бұралған,
Сыртың сұлу беліңіз.
Мойның піскен алмадай,
Шашың жібек талмадай.
*Жаулығыңды шұбалтпай,**

Дұрыстап сал басыңа.

Астынан шығып жүрмесін,

Ие боп жүр шашыңа (Бабалар сөзі, Т. 90, 2012, б. 218, 175, 180).

Сонымен бірге «*Дұрыстап сал басыңа*», «*Ие боп жүр шашыңа*», «*Жаулығыңды шұбалтпай*» сияқты жолдар келінге қойылатын әдептік талаптарды білдіреді. Бұл өсиеттер шашты жинап, орамал тағу арқылы келіннің бойжеткен кезеңнен отбасылық өмірге өткенін көрсетеді. Осылайша беташарда шаш бір жағынан көркем теңеу нысаны болса, екінші жағынан, тәлім-тәрбиелік мазмұнды жеткізетін маңызды поэтикалық құрал ретінде танылады.

Ұқсас ғұрып қырғыздарда да кездеседі: «қалыңдықты күйеу ауылына аттандырмас бұрын оның шашын екі өрім етіп өріп, бас киім кигізген. Қалмақтарда жас келіннің шашы екі өрімге бөлініп, барқыт қапшықтармен қапталған, бұл рәсім тойдан кейін, жас жұбайлардың оңаша бөлмеге баруының алдында жүзеге асырылған. Аталған дәстүрдің үлгілері телеуттер мен буряттарда да ұшырасады» (Толеубаев, 1991, б. 27). Бұл деректер қалыңдықтың шаш үлгісіне қатысты ғұрыптардың неке институтында әлеуметтік мәртебені бекітетін, өтпелі кезеңді белгілейтін маңызды семиотикалық белгі қызметін атқарғанын көрсетеді.

Башқұрттардың да шашқа қатысты ғұрыптық қатынасы мифологиялық түсініктермен тығыз байланысты. Шаш өмірлік күштің, жанның бір бөлшегінің, ерекше энергетикалық қуаттың тасымалдаушысы ретінде қабылданады. Осыған байланысты, бүгінгі күнге дейін башқұрттар арасында шаш қию әрекеті қатаң айыпталып, табу сипатындағы тыйым сақталған: «*Не отрезай волосы – счастье отрезешь*». Қыз баланың шашын қиып жүруі әлеуметтік нормаға қайшы құбылыс ретінде бағаланып, мұндай жағдайға қатысты айыптаушы пікірлер қалыптасқан. Атап айтқанда, «Тұрмысқа шықпай жатып, күйеуін жерледі ме?», – деген пайымдаулар шаштың тағдырлық символикамен тікелей байланыстырылатынын көрсетеді. Бұл деректер шаштың тек эстетикалық нысан емес, сакралды мәнге ие ғұрыптық белгі ретіндегі қызметін айқындайды. Шаштың сакралды күші өтпелі ғұрыптарда айқын байқалып, қоштасу рәсімінде қалыңдықтың бұрымына аналық бақ, ырыс пен сәттілік символдық түрде «өріледі» деп ұғындырылған. Бұл сенім үш рет желкеден жеңіл соғу арқылы вербалды-қимылдық деңгейде бекітіліп, қалыңдықтың жаңа әлеуметтік мәртебеге өтуін ғұрыптық тұрғыда орындалып, төмендегідей өлең айтылған:

Сәсең майлап тарайым,

Өмөтөңдө үрәйем,

Бәхет, ырыс менән йөрө!

Майзай һең! – Гон!

Көмөштәй ялтыра! – Гон!

Барған ерендә бат! – Гон! Үәт!

Волосы масличком намажу,

Мечты-желания заплету.

Со счастьем, честью своей ходи.

Маслом влейся! – Он!

Серебром блести! – Он!

Куда замуж – там останься! – Он! Вот так!
Бер зә генә толом сәстәрәңде
Икегә лә үреп һал инде
Волосы, заплетенные в одну косу,
Заплети ты в две косы (Султангареева, 1998, б. 88).

Өлең мазмұнына назар аударсақ, ұзатылған қызға тілейтін бақытты өмірдің оның шашына қоса өрілуі арқылы сөздің әсер ету қуатына және шаштың ерекше мәніне деген танымдық көрініс табады. Башқұрттардың үйлену ғұрыптарында шаш өру рәсіміне айрықша көңіл бөлінген: шаш үлгісінің өзгеруіне байланысты көптеген ғұрыптық әндер мен игі тілектердің сақталуы соның дәлелі. Бұл деректер шаштың үйлену ғұрпындағы маңызды қызметін және қыздың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруін айқындайтын белгі ретінде қабылданғанын көрсетеді. Өлең мазмұнына зер салып қарасақ, ұзатылған қызға тіленетін бақытты өмірді қыздың шашына қосып өріп, сөздің құдыреттілігі мен шаштың сиқырлы күшіне сенгендігін аңғарамыз.

Бұл ғұрып моңғолдарда арнайы қалыптасқан рәсімдік тәртіппен жүзеге асырылған. Қыздың оң жақ бұрымы күйеу жігіт жағынан – оның ағасының әйелі арқылы, ал сол жақ бұрымы қалыңдықтың өз туыстарының бірі тарапынан өрілген. Одан кейін жігіт пен қыздың шаш ұштары біріктірілген. Бұл ғұрып «үс нийлүүлэх» («шашты біріктіру») деп аталып, некелік байланысты білдіретін белгі ретінде орындалған (Цэрэнханд, 1991, б. 112).

Қалыңдықтың шашын өру ғұрпы көптеген түркі тектес халықтардың дәстүрінде болғаны олардың фольклорында сақталған ғұрыптық өлеңдер арқылы дәлелденеді. Мәселен, түрікмендердің үйлену салтында қыздың шашын өру кезінде арнайы өлеңдер айтылып, жас келінге арналған ізгі тілек тілеген. Мысалы:

Заходите, запевайте, девушки!
Восемь кос ей заплетайте, девушки!
Той веселый начинайте, девушки!
Чтобы черный глаз не глянул на тебя,
 – *Вот дагдан с заветным словом, девушка!*
Чтобы ветер злой не дунул на тебя,
 – *Вот платок тебе шелковый, девушка!* (Туркменское народное творчество, 1945, б. 133).

«Сегіз бұрымын өріңдер» деген жолдар қалыңдықтың шашын көп бұрым етіп өру дәстүрінің болғанын айғақтайды. Өлеңнің қыз-келіншектер тарапынан ұжымдық түрде орындалуы шаш өру рәсімінің қауымдық сипатта жүзеге асқанын аңғартады. Мәтінде айтылатын «қара көздің назары», «жаман жел» секілді бейнелер жас келінді сыртқы қолайсыз әсерлерден сақтау ниетімен байланысты. Сонымен қатар, «жібек орамалдың» аталуы шаш өру барысында тілек айту мен қорғау мәніндегі әрекеттер қатар атқарылғанын көрсетеді.

Шаш өруге қатысты ғұрыптар тек қана түркі халықтарында ғана емес, сондай-ақ орыс, украин, белорус сияқты славян тектес халықтардың да дәстүрінде болған. Негізгі тұжырым негізінде, неке (үйлену) ғұрпы қыздың өз әулетінен күйеуінің билігіне өтуін білдіретін «өтпелі ғұрып» ретінде танылады.

Бұл ауысым символдық тұрғыда қыздың бұрымына иелік ету арқылы белгіленеді (Скачкова, 2023, б. 123). А.К. Байбурин, А.Л. Топорков зерттеу жұмыстарында үйлену салтында күйеу жігіт қалыңдықтың бұрымын кесіп, ал анасы сол бұрымды тапсыра отырып: «*Возьми косу вместе с головой, будь ее господином, а она будет твоей рабой*» деген формулалық деректер бар. Алтайлықтарда үйлену барысында қалыңдықтың шашы екі өрім етіп өріледі: оң жақ бұрымды қалыңдықтың туысы «*Я даю ее*» деп, сол жақ бұрымды күйеу жағынан келген туыс «*Я беру ее*» деп өреді. Бұдан кейін қалыңдыққа әйелдерге арналған бас киім кигізіледі, осы сәттен бастап оның шашын тек күйеуі ғана көруге құқылы деп есептеледі. Сол себепті бөгде ер адамның көзіне жалаңбас көріну опасыздыққа тең саналған, ал әйелдің басындағы орамалды жұлып алу ең ауыр қорлау ретінде бағаланған. Ежелгі Русь мәдениетінде мұндай әрекеттер үшін Ярослав уставына сәйкес айыпкерден ірі көлемде айыппұл өндірілгені белгілі (Байбурин, Топорков, 2019, б. 89). Ерлі-зайыптылық адалдықты бұзудың жазасы ретінде әйелдің бас киімі алынған және шашы қиылған, яғни оны символдық тұрғыда «алғашқы», некеге дейінгі қалпына қайтарған. Мұндай жағдайда ер адам әйелінен бас тартуға құқықты болған.

Дәстүрлі дүниетанымда өрілген шаш тірілер дүниесіне тән сипат саналып, шаш өруді жеке еркіндіктің шектелуімен және жаңа әлеуметтік жауапкершіліктің орнығуымен байланыстыратын мәліметтерге тоқталуға болады. Мәселен, батыс тувалықтарда қалыңдықтың туыстары қалыңдық пен күйеу жігітке «бекіту» деген мағынаны білдіретін «*тухмет*» деп аталатын рәсімді орындаған. Жаңа үйленгендерді бос киіз үйде киізге отырғызып, екеуінің шашатарының ұштары біріктіріліп өріледі (сонымен қатар, бал ашуды да қамтыған: қалыңдық пен күйеу жігіт бір-бірінің шашын таңуы керек болған). Басқа нұсқалар бойынша, күйеу жігіттің сол қолы қалыңдықтың оң қолына байланған, қалыңдықтың шашы өріліп, басына арнайы әйелдер әшекейі – навага кигізілген (Новик, 1984, б. 189).

Бұл ғұрыптық рәсім екі жастың арасындағы өзара жақындасу мен байланысын бекітуге бағытталған. Шаш өру әрекеті арқылы жас жұбайлардың бір әлеуметтік және отбасылық тұтастыққа бірігуі білдірілген. Осы тұрғыдан алғанда, шаш екі жасты біріктіретін белгілік қызмет атқарып, олардың жеке тұлғалық мәртебеден ортақ жұптық жағдайға өткенін айқындаған. Осы ретте қазақ халқының «шаш сипар» сияқты ғұрпының дүниетанымдық негізі шаш арқылы жұптық тұтастықты орнықтыру ұстанымымен тікелей байланысты деп тұжырымдаймыз. Мұрағаттық материалдарда А. Диваевтың еңбектерінде «*Шашь сыпатар – за право погладить волосы невесты*» деген мәлімет берілген (Диваев, 1900, б. 22).

Жинақталған материалдар негізінде «шаш өру – шаш сипар – шаш жаю, шаш тарқату» циклін өрбітіп, ғұрыптық рәсімнің фольклорлық мәтіндердегі сипатын ашу мақсаты көзделді. Байырғы дәуірлердегі қазаға қатысты ғұрыптарда қайғыны тікелей сөзбен емес, ишаралы әрекеттер арқылы білдіру басым болған. Бет жырту, дене жарақаттау, шаш тарқату, қара тігу, ер адамның таяққа сүйенуі сияқты нышандар қаралы жағдайдың белгісі қызметін атқарған. Бұл әрекеттер уақыт өте келе жоқтау жырларында көркемдік сипатта орнықты. Ежелгі түркі кезеңінде (V–VIII ғғ.) әйелдердің шашын тарқатуы мен ерлердің өзін жарақаттауы марқұмсыз қалған өмірдің мәнсіздігін білдірген. Ақ некелі әйелдің азаматын шашын жайып жоқтауы – алғашындағы жұптық ұғымды білдіретін қос бұрымның тарқатылуы. Осы түсінікке сәйкес, жоқтаулардағы «қара бір шашым жайып» тәрізді жолдар жұптық байланыстың үзілуі, марқұмға деген терең құрмет пен адалдықты білдіретін

поэтикалық бейне ретінде қалыптасқан. Ежелгі скиф-сақ дәуіріндегі аза рәсімдері антикалық дереккөздерде, соның ішінде Геродот еңбектерінде сипатталған. Онда қайтыс болған патшаны бальзамдап, арбаға отырғызып, ұлыстарды аралата отырып қоштасу дәстүрі баяндалады. Халық патшаға деген құрметін құлақ кесу, шашты шорт кесу, маңдай мен тұмсықтарын қанату сияқты әрекеттер арқылы білдірген. Жерлеу кезінде патшамен бірге қызметшілері мен аты құрбандыққа шалынып, қабіріне қару-жарақ пен алтын тостаған қойылған. Бұл рәсімдер өлімге қатысты азаны денелік және заттық ишаралар арқылы білдіру дәстүрінің қалыптасқанын көрсетеді (Геродот, 1972, б. 205).

Этнограф ғалым Н. Катанов деректерінде қазаға кезінде шашқа қатысты ғұрыптық тәртіптің нақты реттелгені көрсетіледі: марқұмның жұбайы мен туған қыздарының шашын ауыл әйелдері тарқатып, жайып қояды да, жетісі өткеннен кейін қайта өріп береді. Ал келіндер бұл кезеңде шаштарын өз бетімен тарқатып, қажет кезінде өздері өріп отырған. Бұл айырмашылық аза тұтушылардың әлеуметтік мәртебесі мен марқұммен туыстық дәрежесіне байланысты ғұрыптық нормалардың болғанын аңғартады (Катанов, 1899, б. 23).

А.И. Левшин мынадай пікір білдіреді: «Смерть киргиза по обычаю народным должна быть сопровождаема не только печалью его родственников, но всеми знаками вольного или не вольного отчаяния жен. Коль скоро покойник испустил дух, они обязаны немедленно поднять вопль и крик, плакать, биться, царапать себе лицо и рвать волосы» (Левшин, 1832, б. 110).

Қазіргі тұрмыста сирек ұшырасатын шаш жаю немесе шаш тарқату дәстүрі жоқтаудың көне наным-сенімдерге негізделген архаикалық түрі болып табылады. Бұл әрекет қайғыны сырттай білдірумен қатар, дәстүрлі дүниетаным аясында қалыптасқан символдық мәнге ие болған. Аталған түсініктің іздері жоқтау жырларында сақталып, халық жадында поэтикалық формада көрініс тапқан.

Қара бір шашым жаяйын,

Жаяйын да жсияйын.

Қыналы бармақ, жез тырнақ,

Күнде қанға бояйын.

Төбеге шығып қарадым,

Құлаштап шашым тарадым.

Келмесіңі көз жетіп,

Арғымақ аттай жарадым.

Арқаға шығып қарайын,

Арқа шашты тарайын.

Сол кеткеннен келмесең,

Жоғымды кімнен сұрайын (Бабалар сөзі, Т.91, 2013, б. 238, 120, 338).

Берілген жоқтау үлгілерінде шаш жаю әрекеті қайғыны эмоциялық тұрғыда жеткізетін поэтикалық деталь ғана емес, көне дүниетанымға негізделген танымдық-семантикалық белгі ретінде көрінеді. «Қара бір шашым жаяйын», «Құлаштап шашым тарадым», «Арқа шашты тарайын» сияқты жолдарда шашты тарқату марқұмнан айырылу салдарынан бұзылған өмірлік тәртіп пен ішкі күйзелістің сыртқы көрінісі ретінде беріледі. Дәстүрлі түсінікте өрілген шаш – өмірдің реттелген, жұптық, әлеуметтік қалыптағы күйін білдірсе, шашты жаю сол

тұтастықтың бұзылуын аңғартады. Сондықтан жоқтауда шашты тарқату арқылы жоқтаушы өз болмысының бұрынғы қалпынан айрылғанын, марқұмсыз қалған өмірдің мәнсіз күйге түскенін танытады. Бұл әрекет жеке адамның ішкі күйзелісін ғана емес, дүниенің тепе-теңдігі бұзылғанын сезінуден туған танымдық реакцияны да білдіреді. Сонымен қатар шаш жаю жоқтауда марқұммен рухани байланысты сақтаудың амалы ретінде көрінеді. Төбеге, арқаға шығып шаш тарату кеңістікпен, жоғарғы әлеммен байланыс орнату ниетін аңғартып, «келмесіңе көз жету» сияқты жолдар арқылы өлімнің қайтымсыздығын тану сәтін айқындайды. Осылайша шаш жайып жоқтау айту дәстүрі өлімге қатысты халықтық танымның, өмір мен өлім шегін түсінудің поэтикалық әрі семантикалық көрінісі болып табылады.

Шашқа қатысты көне деректердегі әрекеттер ғылыми тұрғыдан ерекше назар аудартады. Башқұрт халқында қызықты ғұрыпты сипаттайды: аза белгісі ретінде әйел адам өз бұрымын қиып, тырнақтарымен бірге оны күйеуінің қабіріне салған. Осы рәсімнен кейін әйелдің басқа ер адамға тұрмысқа шығуына тыйым салынған. Аталған ғұрып шаш пен тырнақты ерлі-зайыптылар арасындағы өмірлік әрі әлеуметтік байланыспен сабақтастыра қарастыратын дәстүрлі түсініктің болғанын аңғартады (Султангареева, 1998, б. 156).

Сонымен қатар, бірқатар ғұрыптық жағдайларда әйелдер әдеттегі әлеуметтік-нормативтік шектеулерден уақытша шығып, бас киімін шешіп, шашын жаюға рұқсат етілген. Мұндай әрекеттер, әсіресе, босану кезінде, бал ашу рәсімдерінде, сондай-ақ жұт пен індеттен сақтану мақсатында елді мекендерді айнала аластау ғұрыптарында орын алған. Славян халқында әйелдер егістік алқабына жиналып, бір-бірінің басындағы орамалын жұлып, шашынан тартқан; бұл әрекеттер егіннің мол шығуын қамтамасыз ететін магиялық амал ретінде түсіндірілген. Аталған құбылыстардың экстремалдық сипаты қазіргі уақытқа дейін Кавказ халықтарында сақталған ғұрыптық дәстүрмен де сабақтас: егер жасы үлкен немесе әлеуметтік мәртебесі жоғары әйел жалаңбас, шашы жайылған күйде қақтығысып жатқан адамдардың арасына кірсе, қантөгіс тоқтатылған. Бұл дерек әйелдің ашық шашы мен бас киімсіз күйінің дағдарысты сәттерде тыйымды бұзатын, бейбітшілік орнататын сакралды белгі ретінде қабылданғанын көрсетеді (Байбурин, Топорков, 2019, б. 89).

Шаш кесу, тұлдау жаза түрінде қолданысы қазақ аңыздарында да көрініс тапқан. Мысалы, аңыз бойынша Оғыз хан Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлуға үйленеді. Бір күні аңға кеткен ханның атқосшысы сарайға келіп, Бегім сұлуды көріп есінен танып қалады. Ертеңіне кешігіп келгенін жасыру үшін Бегім сұлуға жала жабады. Ашуға булыққан Оғыз хан Бегім сұлуды тыңдамай, ғұрыптық жаза ретінде шашын тұлдап, оң қолын кесіп, зынданға тастайды. Қарабура әулие қызының жазықсыз екенін біліп, ханға қарғыс айтады. Түнде Бегім сұлудың шашы мен оң қолы қайта қалпына келеді. Хан оның кінәсіз екеніне көзі жеткенмен, жүрегі жараланған Бегім сұлу көгершінге айналып, ұшып кетеді. Кейін хан қазынаға қызығып, жер астындағы інді қаздырғанда, қалаға ордалы жылан қаптап, ел босып кетеді. Ал Бегім сұлудың шашы көмілген жерден райхан гүлі өсіп, ол орын киелі деп танылған екен.

Қазақ тілінде шашқа байланысты қалыптасқан бірқатар күрделі атаулар мен тұрақты тіркестер әлеуметтік әрі ғұрыптық мәнімен ерекшеленеді. Мысалы, «тұл қатын» атауы күйеуі ерте қайтыс болып, аза белгісі ретінде шашы қысқартылған,

отбасылық өмірді бастан кешірмеген әйелдің мәртебесін білдірсе, қазіргі қолданыста ол «жесір әйел» ұғымымен теңестіріледі. Сондай-ақ екі ру не елдің араздасып, қатынасты біржола үзуді білдіретін аттың кекілі, жалы мен құйрығын кесу салты тілде «ат құйрығын шорт кесу» тіркесі арқылы сақталған. Осыған ұқсас мағыналық қолданыстар қырғыз тіліндегі этнофразеологизмдерде (аттын күкүл-куйругун кырык) де көрініс табады, бұл шаш пен аттың жалы-құйрығын кесу әрекетінің түркі халықтарында қарым-қатынастың түбегейлі үзілуін білдіретін әмбебап белгі болғанын аңғартады.

«Тұл» сөзінің семантикалық негізі оның дәстүрлі қолданысымен тығыз байланысты. Қазақ тілінде қысқа қиылған кекілді «тұлым», «тұлымшак» деп атау осы түбірден өрбіген. Абылай хан туралы жырдағы: «Қос айдарлы ұл кетті, қос тұлымды қыз кетті» жолдары дәлел бола алады. Дәстүрлі дүниетанымда шашты кесу өмір мен бақтың қысқаруын білдіретін жағымсыз ишара ретінде қабылданған, сондықтан шаш кию ғұмыр мен ырыстың кемуімен сабақтастырылған. Бұл түсінік ерте кезеңдерде күйеуінен айырылған әйелдің шашын қысқарту ғұрпымен ұштасып, уақыт өте келе оның ғұрыптық мәні көмескіленіп, тілде тек шашқа қатысты атаулар түрінде ғана сақталған. Мәселен, жесірдің шашын кесу, тұлдау ғұрпы осетиндерде осы күнде де сақталған (Калоев, 1970, б. 3).

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында шашқа қатысты әрекеттер арнайы нормативтік тыйымдар мен қарғыс формулалары арқылы реттелген. Мұндай тілдік бірліктер шашты адамның өмірлік болмысымен, әлеуметтік мәртебесімен және тағдырлық ұғымдарымен байланыста қарастырудың нәтижесі болып табылады.

Шашқа байланысты келесі тыйымдар орныққан: Кешкі уақытта шаш тармау – адамның өмірлік тыныштығына зиян келеді деп ұғындырылған; Шаштың ұшын түйіп өруге тыйым салу – өмір жолының «түйілуімен» байланыстырылған; Түскен шашты аяқасты етпеу, жерге тастамау; Шашты отқа тастауға қатысты тәртіпті сақтау – шашты бейберекет жоюға болмайды деп есептелген; Біреудің шашын рұқсатсыз алмау – өзге адамның тағдырына қол сұғу ретінде қабылданған.

Шашқа бағытталған қарғыс формулалары көбіне адам тағдырына, әлеуметтік орнына қатысты негативті мағына жүктейді: *Бұрымың кесілсін!* – отбасылық өмірден айырылу мағынасында; *Шашың жайылсын!* – аза, қайғы көруді білдіреді; *Шашың тұл қалсын!* – жалғыздыққа, өмір жолының үзілуіне меңзейді; *Шашыңнан айрылғыр!* – бақ-берекеден айырылу мағынасында.

Шашқа қатысты тыйымдар мен қарғыс сөздер қазақ халқының тілдік санасында шаштың әлеуметтік және тағдырлық мәнге ие белгі ретінде орныққанын дәлелдейді. Бұл тілдік бірліктер дәстүрлі қоғамда адамның мінез-құлқын реттейтін, өмір жолын қорғауға бағытталған мәдени-тілдік механизм қызметін атқарған.

Қорытынды

Зерттеу барысында шашқа қатысты ғұрыптық әрекеттердің қазақтың үйлену ғұрып және азалау фольклорында, кең ауқымда көрініс тапқаны анықталды. Фольклорлық мәтіндерде шаш адамның өмірлік қуатын, әлеуметтік орнын және тағдырлық жағдайын білдіретін маңызды ғұрыптық белгі ретінде танылады. Үйлену ғұрыптарында шаш өру мен бұрым үлгісінің өзгеруі қыздың бойжеткендік мәртебеден келіндік жағдайға өтуін рәсімдесе, азалау фольклорында шашты жау жұптық тұтастықтың бұзылуын және марқұмға деген адалдықты білдіреді. Түркі

текст және славян халықтарының фольклорлық мәтіндерін салыстырмалы талдау шашқа қатысты ғұрыптардың кең мәдени кеңістікте ортақ танымдық негізге ие екенін дәлелдейді. Осылайша, шашқа байланысты ғұрыптар мен түсініктер фольклорлық дәстүрде адамның өмірлік циклін, әлеуметтік мәртебесінің өзгеруін және мәдени сабақтастықты бейнелейтін маңызды мәдени құбылыс ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 90: Ғұрыптық фольклор. Астана: Фолиант, 2012. 432 б.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 91: Ғұрыптық фольклор: Мұң-шер өлеңдері. Астана: Фолиант, 2013. 432 б.
- Байбурин А.К., Топорков А.Л. У истоков этикета этнографические очерки. Ленинград: Наука, 1990. 165 с.
- Ван Геннеп А. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. Москва, 2002. 198 с.
- Геродот Г. История в девяти книгах. Ленинград: Наука, 1972. 600 с.
- Диваев А. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинской области. Казань, 1900. № 22. 66 с.
- Калоев Б.А. Обряд посещения коня у осетин // Труды VII Международного конгресса антропологических и этнографических наук. 1970. Т. 8.
- Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб, 1911. 133 с.
- Катанов Н.Ф. О погребальных обрядах у тюркских племен Центральной и Восточной Азии. Казань, 1899. 33 с.
- Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: Жібек жолы, 2009. 303 б.
- Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Санкт-Петербург, 1832. Т. 3. 394 с.
- Новик Е.С. Обряд и фольклор в Сибирском шаманизме. Москва: Наука, 1984. 304 с.
- Скачкова Е. Ю. Свадебная обрядовая одежда как феномен духовной культуры в южнорусском селе XIX – начала XX вв.: семиотический аспект // Вестник славянских культур. 2023. Т. 68. С. 118–134. <https://doi.org/10.37816/2073-9567-2023-68-118-134>
- Султангареева Р.А. Семейно-бытовой обрядовый фольклор башкирского народа. Уфа, 1998. 241 с.
- Толубаев А.Т. Реликты до мусульманских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX). Алматы: Ғылым, 1991. 219 с.
- Туркменские народное творчество. Ашхабад: Туркменоғиз, 1945. 185 с.
- Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974. 288 б.
- Цэрэнханд Г. Некоторые обычаи избегания у монголов // Советская этнография. 1991. № 5. С. 111–115.
- Bahar, M., Izar, J., Hartati, H., & Putri, D. (2023). Cultural significance of the tradition of "mandi ke aek" in mersam village, mersam district, batanghari district: ethnolinguistic study. *Joladu Journal of Language Education*, 1(3), 151–160. <https://doi.org/10.58738/joladu.v1i3.474>
- Gicala, A. (2024). Aspects of the cultural concept of [peace] in english and polish: an ethnolinguistic account. *Studies in Logic Grammar and Rhetoric*, 69(1), 75–94. <https://doi.org/10.2478/slgr-2024-0013>

- Luvsantseren, T. (2024). An ethnolinguistic analysis of the meaning and cultural features of the idiom “deluu idvel delbe nirge”. *Mong. J. Humanit. Soc. Sci.*, 9(19), 52–59. <https://doi.org/10.69542/mjhss.v9i19.3717>
- Muratkyzy, M., Altybayeva, A., & Rysbekkyzy, N. (2025). Linguistic presentation of common rituals in the folklore of turkic peoples. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 150(1), 180–192. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-218-233>

References

- Babalar sózi. (2012). *Zhuz tomdyk. T. 90: Ghuryptyk folklore* [Babalar sozi. One hundred volumes. Vol. 90: Ritual folklore]. Astana: Foliant. (in Kaz.)
- Babalar sózi. (2013). *Zhuz tomdyk. T. 91: Ghuryptyq folklore: Mun-sheer olenderi* [Babalar sózi. One hundred volumes. Vol. 91: Ritual folklore: Lament songs]. Astana: Foliant. (in Kaz.)
- Bahar, M., Izar, J., Hartati, H. & Putri, D. (2023). Cultural significance of the tradition of “mandi keaek” in Mersam village, Mersam district, Batanghari district: An ethnolinguistic study. *Joladu Journal of Language Education*, 1(3), 151–160. <https://doi.org/10.58738/joladu.v1i3.474>
- Bayburin, A.K. & Toporkov, A.L. (1990). *U istokov etiketa: Etnograficheskie ocherki* [At the origins of etiquette: Ethnographic essays]. Leningrad: Nauka. (in Russ.)
- Divaev, A. (1900). *O svadebnom rituale kirgizov Syr-Dar'inskoi oblasti* [On the wedding ritual of the Kirghiz of the Syr-Darya region]. Kazan. (in Russ.)
- Gicala, A. (2024). Aspects of the cultural concept of peace in English and Polish: An ethnolinguistic account. *Studies in Logic, Grammar and Rhetoric*, 69(1), 75–94. <https://doi.org/10.2478/slgr-2024-0013>
- Herodotus. (1972). *Istoriia v devyati knigakh* [The histories in nine books]. Leningrad: Nauka. (in Russ.)
- Kaloev, B.A. (1970). Obriad poseshcheniya konya u osetin [The ritual of visiting the horse among the Ossetians]. In: *Trudy VII Mezhdunarodnogo kongressa antropologicheskikh i etnograficheskikh nauk* (Vol. 8). (in Russ.)
- Karutz, R. (1911). *Sredi kirgizov i turkmen na Mangyshlake* [Among the Kirghiz and Turkmens in Mangyshlak]. St. Petersburg. (in Russ.)
- Katanov, N.F. (1899). *O pogrebal'nykh obriadakh u tiurkskikh plemen Tsentral'noi i Vostochnoy Azii* [On burial rites among Turkic tribes of Central and Eastern Asia]. Kazan. (in Russ.)
- Levshin, A.I. (1832). *Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei* (Vol. 3). [Description of the Kirghiz-Kazakh, or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes]. St. Petersburg. (in Russ.)
- Luvsantseren, T. (2024). An ethnolinguistic analysis of the meaning and cultural features of the idiom “deluu idvel delbe nirge”. *Mongolian Journal of Humanities and Social Sciences*, 9(19), 52–59. <https://doi.org/10.69542/mjhss.v9i19.3717>
- Muratkyzy, M., Altybayeva, A. & Rysbekkyzy, N. (2025). Linguistic presentation of common rituals in the folklore of Turkic peoples. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 150(1), 180–192. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-218-233>
- Novik, E.S. (1984). *Obryad i folklor v Sibirskom shamanizme* [Ritual and folklore in Siberian shamanism]. Moskva: Nauka. (in Russ.)

- Qasqabasov, S. (2009). *Oioris* [Intellectual horizon]. Almaty: Zhibek zholy. (in Kaz.)
- Skachkova, E.Yu. (2023). Svadebnaya obryadovaya odezhda kak fenomen dukhovnoy kul'tury v yuzhnorusskom sele XIX – nachala XX vv.: Semioticheskiy aspekt [Wedding ritual clothing as a phenomenon of spiritual culture in a South Russian village of the 19th–early 20th centuries: A semiotic aspect]. *Vestnik slavyanskikh kul'tur*, 68, 118–134. <https://doi.org/10.37816/2073-9567-2023-68-118-134> (in Russ.)
- Sultangareeva, R.A. (1998). *Semeino-bytovoy obryadovyi folklor bashkirskogo naroda* [Family and household ritual folklore of the Bashkir people]. Ufa. (in Russ.)
- Toleubaev, A.T. (1991). *Relikty domusul'manskikh verovaniy v semeinoj obriadnosti kazakhov (XIX – nach. XX vv.)* [Relics of pre-Islamic beliefs in Kazakh family rituals (19th–early 20th centuries)]. Almaty: Gylym. (in Russ.)
- Turkmenskoe narodnoe tvorchestvo. (1945). *Turkmenskoe narodnoe tvorchestvo* [Turkmen folk creativity]. Ashgabat: Turkmenogiz. (in Russ.)
- Tserenkhand, G. (1991). Nekotorye obychai izbeganiia u mongolov [Some avoidance customs among the Mongols]. *Sovetskaia etnografiia*, 5, 111–115. (in Russ.)
- Uakhatov, B. (1974). *Kazaktyn khalyk olenderi* [Kazakh folk songs]. Almaty: Gylym. (in Kaz.)
- Van Genneп, A. (2002). *Obriady perekhoda. Sistematicheskoe izuchenie obriadov* [The rites of passage]. Moskva. (in Russ.)

М. Мураткызы, А.А. Абсадық

*Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы
Костанай, Казахстан*

ОБРЯДЫ ПЕРЕХОДА, СВЯЗАННЫЕ С ВОЛОСАМИ, В ФОЛЬКЛОРНОЙ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ И ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация. В статье проводится всесторонний анализ обрядов перехода, связанных с волосами, в семейно-обрядовом фольклоре казахских и тюркских народов с этнолингвистической и культурно-семиотической точек зрения. Цель исследования – определение семантической структуры, ассоциативного поля и функции языковых единиц, связанных с волосами, в текстах семейно-обрядового фольклора как культурного кода в национальном мировоззрении. С этнолингвистической точки зрения, понятие волос рассматривается в народных знаниях как связующее звено между мирами, место души и жизненной энергии, символ силы, красоты и здоровья, благополучия и чести, возраста и семейного положения. В качестве материалов исследования были использованы легенды, сказки, жанры семейно-обрядового фольклора, а также пословицы, поговорки и этнографические данные. Эти источники позволяют выявить лингвистическую и символическую функцию ритуальных действий, связанных с волосами (плетение волос, расчесывание волос, распускание волос) в фиксации переходных этапов жизненного цикла человека (девственность – невеста – вдовство). В статье рассматривается ритуальная триада «плетение волос – расчесывание волос – распускание волос при трауре» как структурно-функциональная модель, и определяется семантическая нагрузка и прагматическая функция каждого из

ее компонентов. В результате этнолингвистического анализа доказано, что языковые единицы, связанные с волосами, служат культурно-лингвистическим механизмом, регулирующим нормы поведения, определяющим социальный статус и вербализирующим судьбоносные понятия.

Ключевые слова: обрядовый фольклор; плетение волос; распускание волос; обряды перехода; свадебные ритуалы; траур

M. Muratkyzy, A.A. Absadyk

*Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly
Kostanay, Kazakhstan*

HAIR-RELATED RITES OF PASSAGE IN THE RITUAL FOLKLORE OF KAZAKHS AND TURKIC PEOPLES

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of hair-related rites of passage in the family-ritual folklore of Kazakh and Turkic peoples from an ethnolinguistic and cultural-semiotic perspective. The aim of the study is to determine the semantic structure, associative field, and function of linguistic units related to hair in family-ritual folklore texts as a cultural code in the national worldview. From an ethnolinguistic perspective, the concept of hair is viewed in folk lore as a link between worlds, a seat of the soul and vital energy, a symbol of strength, beauty and health, well-being and honor, age, and marital status. The study utilized legends, fairy tales, family ritual folklore genres, as well as proverbs, sayings, and ethnographic data. These sources allow us to identify the linguistic and symbolic function of ritual actions associated with hair (braiding, combing, and letting down hair) in recording transitional stages of the human life cycle (virginity – bride – widowhood). This article examines the ritual triad of “braiding hair, combing hair, and letting hair down during mourning” as a structural and functional model, defining the semantic meaning and pragmatic function of each of its components.

Keywords: ritual folklore; hair braiding; hair letting; rites of passage; wedding rituals; grief rituals

Авторлық үлестер

Мұратқызы М. – тұжырымдама, деректерге жетекшілік ету, тексеру, әдіснама, жазу – бастапқы жоба және редакциялау.

Әбсадық А.А. – әдіснама, бағдарламалық қамтамасыз ету, шолу.